

**2003 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарының көлемін және мемлекеттік жемдік пен тұқымдық астық ресурстарын пайдалану көлемін белгілеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 24 ақпан N 187

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . 2 0 0 3 ж ы л ғ а :

азық-түліктік астықтың мемлекеттік резерві 500 000 (бес жүз мың) тонна м ө л ш е р д е г і ;

мемлекеттік жемдік астық ресурстары 10 000 (он мың) тонна мөлшердегі;  
мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 100 000 (бір жүз мың) тонна мөлшердегі;  
мемлекеттік сатылатын астық ресурстары 500 000 (бес жүз мың) тонна мөлшердегі көлемде белгіленсін.

2. 2003 жылға арналған пайдалану көлемі:  
мемлекеттік жемдік астық ресурстары 10 000 (он мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;  
мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 100 000 (бір жүз мың) тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*